

**1998 жылғы 27 наурызда тіркелген N 495 "Теңіз және өзен көлігімен жолаушылар мен жүктерді тасымалдау кезінде лицензиялық нормалар мен шарттарды сақтау үшін бақылауды жүзеге асыру тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрінің 1998 жылғы 28 қаңтардағы N 14 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы**

Көлік және коммуникациялар министрінің 2003 жылғы 24 сәуірдегі N 148-І бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2003 жылғы 21 мамырда тіркелді. Тіркеу N 2293

"Қазақстан Республикасындағы теңіз және өзен көлігінде жолаушылар мен жүк, қауіпті жүктер тасымалын лицензиялаудың тәртібі мен шарттары туралы Ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 27 мамырдағы N 885 қаулысына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. "Теңіз және өзен көлігімен жолаушылар мен жүктерді тасымалдау кезінде лицензиялық нормалар мен шарттарды сақтау үшін бақылауды жүзеге асыру тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрінің 1998 жылғы 28 қаңтардағы N 14 бұйрығына , тіркелу N 495, мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Теңіз және өзен көлігімен жолаушылар мен жүктерді тасымалдау кезінде лицензиялық нормалар мен шарттарды сақтау үшін бақылауды жүзеге асыру тәртібі туралы нұсқаулықта:

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын.

"3. Теңіз және өзен көлігінде лицензиялық нормалар мен шарттардың сақталуына бақылау жүргізу Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі Көліктік бақылау комитетінің лауазымды тұлғаларымен қамтамасыз етіледі";

4-тармақта "органдардың өкілетті лауазымды тұлғалары" деген сөздер "лауазымды тұлғалар" деген сөздермен ауыстырылсын;

6-тармақта "Қазақстан Республикасы Бас Көлік инспекторымен" деген сөздер "Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі Көліктік бақылау комитетінің аумақтық басқармаларының бастықтарымен" деген сөздермен ауыстырылсын ;

"Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі Көлік Департаментінің келісуі бойынша" деген сөздер алынып тасталсын;

"Қазақстан Республикасының Көлік инспекциясы" деген сөздер алынып тасталсын;

7-тармақта бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі Көліктік

бақылау комитетінің облыстар және Астана мен Алматы қалалары бойынша Көліктік бақылау басқармалары мына негізгі мәселелер бойынша тексерулер жүргізеді";

8 - тармақ алынып тасталсын;

9-тармақта "Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігінің, Қазақстан Республикасы Көлік инспекциясының және оның облыстық бөлімдерінің" деген сөздер "Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі Көліктік бақылау комитетінің аумақтық басқармаларының" деген сөздермен ауыстырылсын;

10-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"10. Астана мен Алматы қалалары бойынша Көліктік бақылау басқармалары бұзуларға және олар бойынша қабылданған шараларға есеп жүргізеді, сондай-ақ лицензия алушы жағынан болған бұзуларды жоюына бақылау жүргізеді және Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі Көліктік бақылау комитетіне есеп береді".

11-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"11. Лицензиялық заңнаманы бұзулар анықталған жағдайда Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодексіне сәйкес әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама толтырылады";

12-тармақта "Қазақстан Республикасы Көлік инспекциясының және оның облыстық бөлімдерінің" деген сөздер "Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі Көліктік бақылау комитетінің аумақтық басқармаларының" деген сөздермен ауыстырылсын;

13-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"13. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің Көліктік бақылау комитеті Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі Көліктік бақылау комитетінің аумақтық басқармаларының лицензиялау шарттарының орындалғанына тексеру жүргізу туралы есеп берулеріне талдау жүргізеді және заңнамаға сәйкес мемлекеттік органдарға ақпаратты ұсынады".

14-тармақта "министрлігімен" деген сөз "министрлігінің Көліктік бақылау комитеті" деген сөздермен ауыстырылсын;

"Қазақстан Республикасының Көлік инспекциясы, Көлік департаменті" деген сөздер алынып тасталсын".

2. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің Көліктік бақылау комитеті (Бейсембаев М.Т.) белгіленген тәртіппен осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне мемлекеттік тіркеу үшін жіберсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар бірінші вице-министрі Қ.Қ.Жақыповқа жүктелсін.

4. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелу күнінен бастап қолданысқа енеді.

*Министр*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ